

УДК 81'25

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУ
ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУІ**

**МЕТОД КОНТРОЛЯ И САМОКОНТРОЛЯ СТУДЕНТОВ НА УРОКЕ
АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

**THE METHOD OF CONTROL AND SELF-CONTROL OF STUDENTS AT THE
ENGLISH LESSON**

А.М. КАДЫРХОДЖАЕВ
A.M. KADYRHODZHAYEV

(Алматы технологиялық университеті)
(Алматинский технологический университет)
(Almaty Technological University)
E-mail: k-azhimagun@mail.ru

Мақалада ағылшын тілі сабағында студенттердің білімін тексеру және өзін-өзі тексеру әдісіне үйрету тәсілі көрсетілген. Ең маңыздысы бұл әдісті сабақ процесіне енгізу болып табылады. Осы мақалада оқытушы өзінің мол тәжірибесіне және ізденушілігіне сүйене отырып, студенттердің білімін тексеруге және өзін-өзі тексеруге қызығушылығын арттырады.

Значимость статьи обусловлена необходимостью развития контроля и самоконтроля студентов на уроке английского языка. Очень важное значение имеет научно оценивать свои знания на практике.

В статье отмечается эффективность использования данного метода в изучении иностранного языка.

The article is devoted to the method of control and self-control at the English lesson. The most important thing is to teach students to this method. On this article the teacher shows how we can aim and to improve their interest to it.

Негізгі сөздер: сауалнама, кестелер мен сызбалар, бағдарламалап оқыту, шығарма, диктант.

Ключевые слова: вопросник, таблицы и графика, программное обеспечение, диктант, сочинение.

Key words: questionnaire, tables and graphics, programmer's study, dictation, composition

Kіріспе

Еліміз тәуелсіз мемлекет болғаннан бастап шетел тілдеріне әсіресе ағылшын тілін үйренуге сұраныс арта түсті. Жаһандану кезеңінде халықаралық қатынастардың кеңеюіне байланысты, мемлекетіміздің мамандары жеңіл, тамақ өнеркәсібі салаларына көбірек көңіл бөле бастады. Заман талабына сай мамандар дайындау кәзіргі күн талабына сәйкес келеді.

Зерттеу әдістері және нысандары

Зерттеу әдісінің нысаны ағылшын тілі сабағында студенттерді бақылау және өзіндік бақылау әдісіне үйрету, істе қолдана білу болып табылады. Әдістер өте алуан түрлі болып келеді. Осыдан келіп студенттердің оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда әдісті таңдап алу күрделілігі қолданғанда байқалады.

Нәтиже және оны талдау

Оқыту үрдісінің құрылымында оның бағалаушы-шешуші компонентінің маңызы зор. Жыл бойы студенттердің оқу үлгерімін тексеру мен бағалау оқытудың белгілі кезеңдеріне тығыз байланысты.

Бұл топқа бақылаудың ауызша әдістері – дербес, фронтальді, сауалнамалар жатады. 15-20 минут аралығында кішкене топтың студенттері тақтаға қысқа жазулар жазумен, карточкамен жұмыс істеумен айналысса, кейбір студенттер тексеруші оқытушының орнында болуы мүмкін. Нәтижесінде сыныптың жартысы бағаланса, келесі жолы екінші жартысы бағаланады. Ал оқытушы бүкіл жұмыстарды үйлестіріп отырады. Бақылаудың жазбаша әдістеріне әр түрлі өзіндік қорытынды жұмыстар: диктант, мазмұндама, шығарма, реферат, баяндама т.б. жатады. Оқытушы сабақ ерекшелігіне байланысты көптеген кестелер мен сызбаларды оқу материалын түсіндіру барысында қолданса мұны білімді тексерудің графикалық әдісі деуге болады. Тексеру кезінде студенттерге кесте толтыру, сызба және сызу немесе өтілген тақырып бойынша графикалық жұмыс жасау ұсынылады.

Бағдарламалы оқыту әдісі. Бұл тәсілде оқу материалы бағдарламаланған оқулық кітаптарында беріледі. Оқу материалдарын бағдарламалап оқытудың үш жүйесі бар; бір бағытты материал кішкене бөлшектерге бөлінеді (доза), содан кейін біртіндеп игертуге бағытталады. Студенттер қателескен немесе жауап бере алмаған жағдайда қосымша түсініктемелер беріледі.

Бағдарламалап оқытуда тапсырмалар мен жаттығулардың орындалуы әр түрлі

ерекшелікте берілген. Бұндай тапсырмалар оқыту материалдарының әр бөлшегін игергеннен кейін беріледі. Үш мақсатта берген білімді қабылдау және тексеру жаттығулар мен тапсырмалардың ұйымдастыру тәсілімен орындалады. Бұл тәсілде жаттығулар мен бақылау тапсырмалары дисплей экранында орындалады. Студенттер өздерінің жауаптарының дұрыстығын бірден көреді. Сондықтан да бағдарламалап оқыту тиімді. Ең кең тараған тексеруді ұйымдастыру әдісі. Бағдарла-малап оқытуда ұқсас жауаптардан дұрыс жауапты табу ұсынылады. Қазіргі компьютерлер құрылған жауаптарды өздігінен талдап, ұсыныс түрінде, сөз, формула, түрлі бірлікте өндіре алады.

Білімді беруді тексеру.

а) Фронтальды және жеке дара жолдармен сұрақ қойып ауызша тексеру, дұрыс жауап оқытушымен бірге анықталады.

б) Жазбаша тексеру аз уақыт немесе көп уақыт аралығында орындалып, сонымен қатар кең диагностикалық анықтамасымен ерекшеленеді.

в) Лабораториялық тексеру сабақ барысында пайдаланатын студенттердің құралдармен жұмыс жасай білу. Бұл іс-тәжірибелер өткізуде, эксперименталды жұмыстың шешімін шығаруда және жазба жұмыстарда өтіледі.

г) Өзін-өзі бақылау-жіберілген қателерді өз бетімен тауып алу, дұрыс еместігін, оны жою тәсілдерін іздестіру бірлігін қалыптастырады.

Оқытушы оқыту әдісін таңдап алуда басшылықты студенттердің өздігінен білімді игеру мен оқу практикалық даярлығын қалыптастыруға бағыттаса, студент жеке тұлғалық ерекшелігін ашық шығармашылығын дамытатын потенциалды оқу-танымдық ерекше қасиетін, зерттеушілік ізденімпаз іс-әрекетке бағыттайтын, ғылымды берудің спецификалық таным әдістерін таныстыру, жеке дара психологиялық даму ерекшелігін, кәсіби даярлық деңгейін, өмірлік іс-тәжірибесі мен оқытушының шығармашылықтық ерекшелігін, оның әдістемелік және педагогикалық шеберлігін алу керек. Белсенді өзгерістерге гуманистік және демократиялық көзқарасын жетілдіретіндігін байқатады. Оқытушының оқыту әдістері басқа да дидактикалық қызығушылығы, оларға оқыту формасы мен принциптерге оқушының білім алуға деген қызығушылығы, оқу тақырыбының көлемінің Оқытушының әлеуметтік-кәсіби жеке басының даярлығы, сонымен қатар басқада өлшемдер, көрсеткіштер,

талаптармен қоса жаңаша технология, оқу танымдылық іс-әрекетте қызмет ету және студенттің жеке тұлғасының шығармашылықта дамуына байланысты.

Қорытынды

Оқытушының таңдап алған әдістері, жұмысындағы дидактикалық шеберлігі оқу танымдық стилімен ерекшеленеді, стандартты емес оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырудан жеке дара және инновациялық шығармашылық танымдылығын, қоғамдағы жаңаша күрделілігіне, техникалық оқу құралдары мен жабдықтануы, сынып оқушыларының саны мен олардың дене тәрбиесі, психикалық және интеллектуалды денсаулығының деңгейі, оқу сабақтарының құрылымы, өзара қарым-қатынас ерекшелігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ

1. Рахимонова Р.А. Контроль и самоконтроль студентов при обучении английскому языку. //Ж.: «Иностранный язык в школе». – май-июнь. – 2011. – С. 17-18.